

**БЕКІТЕМІН:**

Қарағанды облысы білім басқармасының

Теміртау қаласы білім бөлімінің

«№9 лицейі» директоры

К.А.Нургалиева

« 01 » 09 2021/2022 ж

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 06.10.2020 жылғы №365-ҮІ Заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тарау 12-тармағындағы толықтыру, комплаенс қызметтердің функцияларын орындайтын өзгерістер негізінде

**Лауазымдық нұсқау****Жалпы ереже**

1.1. Комплаенс-қызметіне жауапты тұлға өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Жарғыға, Ұжымдық шартқа, Мінез-құлық кодексіне мектептің басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.2. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

1.3. Міндетті реттеуші талаптардың соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сақтауды қамтамасыз ету;

1.4. Барлық қызметкерлер арасында шынайылықты, адалдықты қамтамасыз ететін және үздік стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу үшін жағдай туғызатын Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы бастамалар, іс-қимылдар шеңберінде құрылған;

1.5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

**2. Функциялар**

2.1. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2.2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;

2.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

2.4. мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

2.5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

2.6. корпоративтік әдеп құныдылықтарын дамыту;